

Ақтөбе қ.

Бұйрық №38

28.05.2026

**«Мектепке дейінгі білім беру ұйымының қызметіне
өзін-өзі бағалау өткізу туралы»**

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 59-бабына, ҚР Оқу –ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар туралы» №126бұйрығына және Ақтөбе облысының білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментінің 23.10.2024 жылғы №23-14-56-33/1433 хаты негізінде сәйкес

Бұйырамын:

1.2026 жылдың 02-29 маусым аралығында жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «АйКүн» бөбекжай-балабақшасының қызметіне өзін –өзі бағалау жұмысы өткізілсін.
2. «АйКүн» бөбекжай-балабақшасы қызметіне өзін-өзі бағалауды өткізу комиссиясының құрамы төмендегі тізімде бекітілсін:

1. Журтканова М.М.,ББ-менгерушісі-комиссия төрағасы.;
2. Утегенова Д.С., ББ-құрылтайшысы-комиссия мүшесі;
3. Умарова А.М.,ББ-тәрбиешісі- комиссия мүшесі;
4. Арстанова Л.Р.,ББ-мебикесі- комиссия мүшесі;
- 5.Бердонғарова А.Ж., тәрбиешісі- комиссия мүшесі;

3. «АйКүн» бөбекжай-балабақшасы қызметіне өзін-өзі бағалау жұмысының жоспары осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес құрылып, бекітілсін.

4. «АйКүн» бөбекжай-балабақшасы өзін-өзі бағалау жұмысының қорытындысы 2026 жылдың 28 мамыр күні кезектен тыс педагогикалық кеңес отырысында талқыланып, ұжымға таныстырылсын.

5. «АйКүн» бөбекжай-балабақшасы өзін-өзі бағалауы бойынша құжаттар 2026 жылдың 25 шілдеге дейін интернет-ресурсқа <https://ai-kun.edu.kz/> уақытылы орналастырылсын.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

**«АйКүн» бөбекжай-балабақшасының
менгерушісі:**



М.М.Журтканова

«АйКүн» бөбекжай-балабақшасы 2026 жыл 28-мамыр №6- кезектен тыс педагогикалық кеңес хаттамасының көшірмесінен үзінді

Қатысқандар-6

Кеңес төрайымы: М.М.Журтканова

Хатшы: К.Н.Куанышова

Күн тәртібінде:

1. «АйКүн» бөбекжай-балабақшасының өзін-өзі бағалау жұмысын өткізу туралы.
/М.М.Журтканова/

Тыңдалды: «АйКүн» бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі М.М.Журтканова Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» № 486 бұйрығына сәйкес білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттаудан өту үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2022 жылғы 27 желтоқсандағы № 12 бұйрығына қосымша «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды» басшылыққа ала отырып бөбекжай-бақша қызметіне өзін-өзі бағалау бойынша кезектен тыс педагогикалық кеңесте шешім қабылданды:

ШЕШІМ:

1. «АйКүн» бөбекжай-балабақшасының қызметіне өзін-өзі бағалау жұмысын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды негізге алып жұмыстар жүргізілсін.
2. «АйКүн» бөбекжай-балабақшасының қызметіне жүргізілетін өзін – өзі бағалау жұмыстарының мерзімі 2026 жылдың 02-25 шілде аралығы болып бекітілсін.
3. «АйКүн» бөбекжай-балабақшасының қызметіне өзін – өзі бағалау жұмыстарын жүргізу үшін жауапты комиссия құрылсын.
4. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген стандарттарының талаптарына сәйкестігін анықталсын.
5. «АйКүн» бөбекжай-балабақшасының қызметіне жүргізілетін өзін-өзі бағалау жұмысы кезінде комиссия мүшелеріне бағалау өлшемшарттарына сәйкес зерделеудің нақты бағыттары бойынша тапсырмалар бөлініп, жоспар құрылып берілсін.

Пед.кеңес төрағасы: М.М.Журтканова

Хатшысы: К.Н.Куанышова

